

**Құттықтаймыз!**

**Ақтөбе қаласы,  
Нұрлан Ізденұлы ЕСЕНҒАЗЫҒА**



Сізді С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті Болай ханым атындағы жоғары медициналық колледжінің хирургия анестезиология және реанимация пәні оқытушысы, ардагерлер кеңесі төрағасы, «Абзал жандар» отаншыл клубының жетекшісі, «Шолпы» қыздар клубының кеңесшісі, «Тастүлек Бақай» ақылдасу алқасының төрағасы, дәрігер-ұстаз ретінде келіп отырған зейнеткерлік 63 жасыңызбен құттықтаймын.

Зор денсаулық, еңбекте толағай табыстар, отбасына амандық, шаңырағына шаттық тілеймін.

*Тәлімі мол таңғажайып істердің,  
Ақ халатты абзал жан боп өскенсің.  
Туған елдің табиғатын аялап,  
Жанашыр боп, жүргеніңді қош көрдік.*

*Кең далаға келгендей ме күздей мұң,  
Ізденіске толы әрбір күндерің.  
«Тастүлек Бақай» алқаға алаңдап,  
Кеуіп кеткен өзен-көлін іздедің.*

*Барша жанға алаулатып жарықты,  
«Қыз тағдыры — ел тағдыры» анық мұң.  
Студенттік өскелең жас ұрпаққа,  
Тәрбиелі дәрісіңмен таныттың.*

*Колледждің де құрметтісі болыпсыз,  
«Абзал жандар» клубына сәріксіз.  
Сіз дәрігер-ұстаз болып білікті,  
Зейнеткерлік жасқа міне, келіпсіз.*

*«Қазақ тілі» қоғамында ана тіл,  
Ата дәстүр салтын сақтап қалатын.  
Бабалардың асыл сөзін ардақтап,  
Ақ батамен елді аузына қаратып.*

*«Алқа билер» бастамасы өрілген,  
Ұжымның да мақтанышы өзің боп.  
Пайғамбарлық жасқа жеттің «Бас би» боп,  
Ақтөбеден сайлап тұрған сеніммен!*

*Қуанышты шат жүзіңді көрейін,  
Осы тойға жырдан десте өрейін.  
Болай ханым атындағы ұжымда,  
Арта берсін абыройың мен мерейің!*

**Ізгі ниетпен:  
Жібек АБДУЛЛИНА,  
Ақтөбе қаласы.**

[www.aktobegazeti.kz](http://www.aktobegazeti.kz)

## «АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУДЫ РЕТТЕУ БАСҚАРМАСЫ» ММ

Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы «Black Gold Operating Company» ЖШС жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш келіп түскенін хабарлайды.

**Көзделіп отырған қызмет:** «Қазақстан Республикасының Ақтөбе облысында орналасқан «BLACK GOLD OPERATING COMPANY» ЖШС келісімшарттық аумағының Ащыбұлақ учаскесінде МОГТ-3D және МОГТ-2D сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізу».

Өтінішпен сайттарда: <https://ecoportal.kz/> «жария талқылаулар» айдарында, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-aidalanuy/activities/directions?lang=ru> («қоғамдық талқылау» бөлімі) танысуға болады.

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертпелер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады [aktobe-ecoder@ecogeo.gov.kz](mailto:aktobe-ecoder@ecogeo.gov.kz).

**Байланыс ақпараты:** Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы, 1 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

**Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі:** 14.01.2025 ж. – 13.02.2025 ж.

## АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

№107 «15» қаңтар 2025 жыл

## БАКТИЯРОВ ҚЫДЫРБЕК КАБИДУЛЛАЕВИЧТІҢ, БАКТИЯРОВА АККЕНЖЕ КАРАШБАЕВНАНЫҢ ОРТАҚ БІРЛЕСКЕН МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫНА БЕРІЛГЕН ЖЕР УЧАСКЕСІН МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖЫ ҮШІН МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУДЫ БАСТАУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 18, 84, 85, 88 баптарына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы №413 «Мемлекеттік мүлік туралы» Занының 6-бөліміне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37 баптарына сәйкес «Ақтөбе қаласы «Астана» ауданы әкімінің аппараты» ММ-ның, «Ақтөбе қаласының құрылыс және қала құрылысы бөлімі» ММ-ның хаттары негізінде қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Бактияров Қыдырбек Кабидуллаевичтің, Бактиярова Аккенже Карашбаевнаның Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, «Саздинское лесничество» бау-бақша ұжымы, №38 «А» учаске мекен-жайындағы көлемі 975 шаршы метр мейрамхана құрылысы үшін ортақ бірлескен меншік құқығындағы жер учаскесін (кадастрлық нөмірі 02-036-161-059) мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

Мемлекеттік мұқтажы үшін алып қоюға байланысты су арығын орналастыру мақсатында халықтың мұқтажын қанағаттандыру үшін жоғары-

да көрсетілген жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару күні – осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап үш айдан ерте емес.

Келісім рәсімдерін жүргізу «Ақтөбе қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ жүктелсін.

Жолығу мекенжайы: «Ақтөбе қалалық жер қатынастары бөлімі» ММ Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 2, 48-кабинет.

«Ақтөбе қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жоғарыда көрсетілген жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығаруға бюджеттен қаржы қарастырсын.

«Ақтөбе қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ заңмен белгіленген тәртіпте осы қаулыдан туындайтын тиісті шаралар қабылдасын, соның ішінде қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде осы қаулының бұқаралық ақпарат құрылдарында жарияласын.

Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе қаласы әкімінің орынбасары С.Аманчинге жүктелсін.

Қала әкімі А.БЕКЕТ.

## Ауқым

## ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ: 2024 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Ақтөбе облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті тарапынан 2024 жылдың қорытындысы бойынша 197 аудиторлық іс-шара өткізілді, оның ішінде 185-і жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілерін, 12-сі республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілерін қамтиды.

Аудиторлық іс-шаралармен жалпы сомасы 125 802,9 млн теңгеге бюджет қаражаттары және мемлекет активтері қамтылып, жалпы сомасы 116 684,7 млн теңгеге бұзушылықтар анықталды.

Анықталған бұзушылықтардан қаржылық бұзушылықтардың сомасы 19 318,2 млн. теңгені және рәсімдік бұзушылықтар 97 366,5 млн теңгені құрады. Есепті кезеңде анықталған жалпы сомасы 19 318,2 млн теңге қаржылық бұзушылықтардан 19 303,0 млн теңге өтелді және қалпына келтірілді, оның ішінде 570,6 млн теңге бюджетке өтелді және тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қыз-

меттерді көрсету арқылы және есеп бойынша көрсету жалпы сомасы 18 732,4 млн теңге қалпына келтірілді.

Департамент тарапынан есепті кезеңде 600 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 55,6 млн теңге сомасына әкімшілік жаза салынып, 55,6 млн теңге бюджетке өндірілді.

Сондай-ақ ағымдағы жылдың аудиторлық қызмет нәтижелері бойынша 202 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды, оның ішінде 4 лауазымды тұлға қызметінен босатылды.

**Гүлмира ҚҰЛҚАЕВА,  
Ақтөбе облысының ішкі мемлекеттік аудит департаментінің жоспарлау, талдау, есептілік және сапа бақылау бөлімінің басшысы.**

## «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

ҚР Экологиялық кодексінің 29-бабының талаптарына сәйкес 2025 жылғы 25 ақпандағы сағат 11.00-де Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40, 301-кабинет мекенжайы бойынша «Ақтөбе облысының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2025-2027 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына» жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда <https://ecoportal.kz/> сондай-ақ әкімдігінің сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-aidalanuy?lang=> танысуға болады.

Барлық ескертпелер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады <https://ecoportal.kz/>, сондай-ақ тел. 8 (7132) 550926.

**Онлайн қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет:** <https://us04web.zoom.us/j/2538101026?pwd=7g1GJoYIOUEJMd49qloPEv0wnJmdO.1>

**Конференция идентификаторы:** 253 810 1026 кіру коды: 111

**Жобаның тапсырыс берушісі:** «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, БСН 030640002191, ҚР,

Ақтөбе қ., Әбілқайыр хан даңғылы 40, тел.: 8 (7132) 550926, e-mail: [nedra2004@inbox.ru](mailto:nedra2004@inbox.ru), Б.К.Құлмағамбетов.

**Жобаны өзірлеуші:** «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, БСН 030640002191, ҚР,

Ақтөбе қ., Әбілқайыр хан даңғылы 40, тел.: 8 (7132) 550926, e-mail: [nedra2004@inbox.ru](mailto:nedra2004@inbox.ru), Б.К.Құлмағамбетов.

**ЖАРНАМА 90-71-55**